



№80 (10070)
8 қазан,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Референдум

Жалағаштықтар өз таңдауын жасады

Жексенбідегі референдумда жалағаштықтар белсенді болды. Таң атысымен редакцияның шығармашылық ұжымы шалғай ауылдар мен аудан орталығындағы дауыс беру учаскелеріне барып, саяси науқанның өту барысын саралады. Ең алдымен шалғайдағы Аламесек ауылдық округіндегі №151 дауыс беру учаскесіне табан тіредік. 7.00-де мемлекеттік әнұранмен жұмысын бастаған дауыс беру учаскесіне халық түске дейін көп келді. Екі мыңға жуық тұрғын тұратын елді мекенде 926 дауыс беруші бар. Оның 13-і үйден дауыс берген.



Аламесектік Нұрхан Қарабалаев елдегі бұған дейінгі саяси науқандардан шет қалмаған. Тіпті бүгін ауылда бірінші болып өз таңдауын жасады. – 18 жасымнан бері елдегі саяси науқандардың бірінен қалыс қалған емеспін. Жалпы елдің ертеңі үшін кез келген азамат мұндай шараларда белсенді болуы керек. Референдумда таңдауды елдің өзіне салып отырғанын әрқайсысымызда осындай түсінік болуы керек, – дейді Есет батыр ауылының тұрғыны. Еңбек ауылындағы ағайын да кешегі референдумда өз таңдауын жасауда белсенділік танытты. Әсіресе ауылдағы «Батыр аналар» ансамблінің әжелері референдумда дауыс беріп, жастарға үлгі болды.

«Батыр Аналар» ансамблінің қазіргі құрамы қолдарынан келетін ұлттық нақыштағы өнерлерін балаларға үйретуде. 26 анадан құрылған «Батыр Аналар» ансамблінен қазіргі таңда 16 батыр ана нөмере-шөбере сүйіп отыр. 2018 жылы аталған ансамблдің 30 жылдық мерейтойы үлкен көлемде аталып өтілді. Еңбек ауылындағы №149 дауыс беру учаскесіне бірінші келген ауылдағы қарт сайлаушы Әбдіғалпалар Ысқақов батасын беріп, өз таңдауын жасады. Бір сөзбен айтқанда, ауылдағы қазыналы қариялар саяси науқанда белсенділік танытты. Еңбекте 724 дауыс беруші бар, оның 11-і 18 жасқа енді толса, жалпы дауыс берушілердің 87-сі – қарт кісілер. Ал жетеуі

үйден дауыс берген. Жалпы Жалағаш кентіндегі дауыс беру учаскелерінде де дауыс беруге келген халықтың қатары көп. Бұдан аудан жұртының ел болашағына бейжай қарамайтынын аңғардық. Айта кетейік, АЭС құрылысына қатысты республикалық референдумның exit-poll нәтижелері белгілі болды. Мұндай зерттеуді бірнеше институт қатар жүргізген. Зерттеу нәтижелерін сараласақ, бір-бірінен айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Астана – кешенді әлеуметтік зерттеулер институты» («СОЦИС-А») жеке қоры жүргізген exit-poll нәтижелері жарияланды. Аталған институттың талдау-

шысы Әлібек Тәжібаевтың айтуынша, «Астана – кешенді әлеуметтік зерттеулер институты» жеке қоры «Хабар» агенттігі АҚ тапсырысымен 2024 жылдың 6 қазанында дауыс беру учаскелерінен шыға берісте exit-poll әдістемесі негізінде азаматтардың ерек білдіру нәтижелерінің алдын ала есебін жүргізген. Ол «Үздіксіз ағын» әдістемесінің көмегімен еліміздің 189 учаскесінде дауыс берген 283 519 азамат қамтылғанын айтты. Олардан референдум аясында қойылған «Сіз Қазақстанда атом электр стансасын салуға келісіз бе?» деген сұраққа қалай жауап бергені сұралды. Exit-poll қорытындысына келсек, сауалнамаға қатысқан азаматтардың 69,8 пайызы АЭС құрылысын қол-

дап дауыс берген. Сауалнамаға қатысушылардың 30,2 пайызы өздерінің келіспейтінін айтқан. Еуразиялық интеграция институты Zakon.kz ақпараттық порталының тапсырысымен АЭС құрылысы бойынша референдумда exit-poll сауалнамасын жүргізді. Бұл нәтижені институт өкілі Әйгерім Есенболатқызы мәлімдеді. Айтуынша, «Сайлау туралы» және «Республикалық референдум туралы» заңдар талабына сәйкес институт Референдумның орталық комиссиясын exit-poll өткізетіні туралы алдын ала құлақтандырған. Аталған сауалнама еліміздің 17 облысы мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында 250 учаскеде жүргізілді. Оның ішінде

159-ы қалаларда, 91-і ауылдарда арнайы дайындалған сұхбатшының көмегімен face-to-face, яғни бетпе-бет әдісімен өткен. Зерттеу нәтижесінің қателігі 1 пайыздан аспайды. Таңғы сағат 7.00-ден кешкі 20.00-ге дейін жүргізілген сауалнама нәтижесінде «Сіз Қазақстанда атом электр стансасын салуға келісіз бе?» деген сұраққа дауыс берушілердің 71,8 пайызы «Иә, келісемін» деп жауап берсе, 28,2 пайызы «Жоқ, келіспеймін» деген жауапты таңдағанын мәлімдеді. Институт мамандары exit-poll сауалнамасына қатысқан әрбір дауыс беруші аты-жөнінің құпиялығы қатаң сақталатынын айтады. **Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

Егінжай – 2024



Аққырдағы алғашқы орақ

Аққыр әуелден аймақта мал шаруашылығының дамуында өзіндік орны бар ауыл. Шалғайдағы елді мекеннің сол тұста елдің өркендеуіне үлкен үлес қосқаны қарапайым халықтың өлі де жадында. Елі еңбекпен еңсе тіктеген өңірдің жұрты – бақша баптаудың да нас шебері. Бірақ соңғы он жылдықта елдегі аяқсу тапшылығы ауылдағы ағайынды да қос бүйірден қысқан. Шалғайдағы жұрт шаруаның ширауына мұның қолбайлау болғанын талай айтып-ақ жүр. Биылдан бастап бұл мәселе шешімін тауып жатқан сыңайлы.

Бұлай болжауымызға да негіз жоқ емес, бақшаға су жеткізе алмай отқан аққырлықтар биыл алқапқа күріш егуді бастады. Әлбетте бұл – тарихи сәт, себебі осыған дейін мал шаруашылығын ширатқан ағайынның алқабында алғаш рет Сыр салысы жайқалып тұр.

Бұл ауылдың құмының құнары қаншалықты жоғары екенін бері біледі, бірақ сол жерді игеру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондықтан қаншама жер құр жатқан, биылдан бастап ауыл жанащыры Әлібек Бекжанов бос жатқан жерлерді игеріп, елдің қажетіне жаратуы жөн көріпті. «Өз пайдасы үшін игеріп отыр» деген түсініктен ада болыңыз. Шындығында, іскер азамат тәуекелге барып отыр, олай дейтіміз, сағаның соңында орналасқан шалғайдағы бос жатқан жерді игеруге құрыар қаражат кетеді. Тіпті оған күйіген қаржың бірнеше жыл өз-өзің ақтамауы да ғажап емес. Міне, кәсіпкер бұл ретте «өлге жұмыс көзі ашылсын» деген мүддені бәрінен биік көріп отыр.

ЖАЛДАСЫ 2-БЕТТЕ.

Еңбек адамы

Түйе бағып, табыс тапқан

Бүгінде «Ауылда істейтін жұмыс жоқ, не ашатын кәсіп түрі жоқ» деп қалаға қарай қашатын жастарымыз көп-ақ. Дегенмен бұл пікірмен келіспей, аядай ғана ауылда түйе бағып, тіршілігін дөңгелетіп, жастарға үлгі болып отырған жандардың бірі – Рахима Жақсымова. 25 жылдан бері ата кәсіпті үзбей, төрт түліктің төресін бағып, төл сусыннан табыс тауып отырған Ойнаровтар шаңырағына Аққыр елді мекеніне жасаған сапарымызда аялдадық.

Амандық саулық сұрасып, келген жөнімізді айтып тұрғанда қора жақтан енесіне боздаған ботаның дауысы естілді. «Түйе сауатын уақыт болды дер кезінде келдіңдер» деп қолына шелегін алған Рахима апа нөмерелерін ертіп, қораға қарай бет алды. Бізде түйені қалай сауатынын көргіміз келіп, артынан ере кеттік. Халыққа ұлттық сусынды ұсынып жүрген кейіпкеріміз шаруаға ширақ жан екенін бірден аңғартты. Қораға кіргеннен түйеге қарай ботасын жіберген кейіпкеріміз түйенің артқы аяғын байлап, сүгін сызылдаттып сауған күйі өңімесін бастады. – Иә, мал шаруашылығы қазақтың қанында бар, жанымызға жақын кәсіп түрі ғой. Жалпы түйенің пайдасы өте көп. Бір ғана сусыны мың түрлі ауруға ем. Аудан орталығынан алыс орналасқан ауылда тұрсақ та шұбатты сату жағанын еш қиындық жоқ. Көршілес ауылдардан аудан тұрғындарынан да жиі тапсырыс түседі. Одан бөлек, шұбатым облысқа дейін барып, әсіресе Биыл Алматы, Ақтөбе қалаларына арнайы тапсырыспен бірнеше рет жібердім. Кейде ауыл тұрғындарынан артылмай қалады. Тұтынушылар көбіне той-томалақтарға, емге алдын-ала тапсырыс беріп қояды, – дейді Рахима Тәуекелқызы.

Оның айтуынша, түйенің басқа малдардан ерекшелігі, асып бара жатқан бейнәттің жоқтығында. Жолдасы мен баласы түйелердің жем-шөбін беріп, қарайласа, өзі шұбат сатып, қосымша табыс тауып отыр. Атасы негізін қалап кеткен кәсіпті бүгінде жолдасы жалғап отырғанын айтқан кейіпкеріміз, келекеште ұланың мемлекеттен қолдау берілсе, кәсіптерінің көкіегін кеңейтсем деген үлкен жоспары барымен бе-

лісті. Келініне түйе сауып, шұбат ашытудың қыр-сырын үйретіп, шаруаға баулудан жалықпаған Рахима апа, кәсібін жүргізуде жалғыз емес, ол үнемі қолғабыс етер отбасының барымен мақтанады.

Қазір ғана 2 түйені сауып болған кейіпкеріміздің айтуынша, бұдан бөлек олардың ерісте жайылып жүрген сегіз түйелері бар. 2 түйені үш мезгіл сауып, одан күнге 10 литрдей өнім алып отырған ол, 10 түйені сауғанда тәулігіне 40 литрден жоғары өнім алатынын айтады. Бүгінде ол шұбаттан бөлек, қолдан құрт жасап та сатады. Айтуынша, табиғи таза өнім болғандықтан арнайылап алдын ала тапсырыс беріп қоюшылары көп. – Ертеректе шұбатты торсықта немесе ағаш күбде ашытқан. Шұбатқа арналған торсықты түйе мойнағынан жасайды. Шұбат ашығаннан кейін оны адамға ұсынар алдында шайқап, кейіпкеріміз жақсылап араластырып береді. Бұл түлік суды аз ішетіндіктен сүті майлы болып келеді. Шұбаттың құрамында май, әртүрлі витаминдер өте көп. Сондықтан оны халық көбіне емдік мақсатта ішеді. Жасы ұлғайған қарттар, қандай да бір сырқат түрімен ауырған науқастар шұбатты ішкеннен кейін ұйқысы жақсарып, сергіп, ақырындап науқасынан айығады, – дейді кейіпкеріміз.

Айта кетейік, Рахима апа өнімдерін сатып қана қоймай, дертіне шипа іздеген науқастарды тегін шұбатпен қамтамасыз етіп, алғысына бөленіп жүрген мейірімді жан. «Арнайылап ауылға ат басын бұрып келген екенсіңдер, үйге кірдіңдер» деп төрін ұсынған Рахима апаның шұбатынан дәм тату бізге де бұйырды.



Иә, кейіпкеріміздің шұбаты жұрт мақтағандай-ақ ерекше, қою екен.

Төрт түліктен табыс тауып отырған Ойнаровтар отбасы бүгінде істің қиюын келтіріп жүргеніне сүйсініп, кәсіптеріне береке тілеп қоштасқалы тұрғанымызда, «үйіме құтты қонақ келіп қалды, 5 литр шұбат бар ма?» деп еңтігін баса алмай асығып келген ауыл тұрғынымен кездесіп қалдық.

Рахима апа тұтынушы сұраған шұбатын дайындап бергенше ауыл тұрғынын әңгімеге тарттық.

– Өздеріңіз білетіндей, шұбат бойға қуат, дертке дауа. Мен Рахиманың тұрақты тұтынушыларының бірімін. Өзімнің және отбасымның саулығы үшін, жиі шұбат алып тұрамын. Рахиманың шұбатының дәмі тіл үйіреді. Шөлімізді басып қана қоймай, біраз ауруға ем ретінде де қолданамыз. Ал қазір үйіме алыстан жақын туыстарым келіп қал-

ды. Қаланың тұрғындарына ауылдың табиғи өнімінен дәм таттырайын деген оймен осында жүгіріп келдім. Үйімізге қандай қонақ келсе де, дастарханымызда міндетті түрде Рахиманың шұбаты тұрады, – дейді ауыл тұрғыны Қамар Токсанова.

Ата кәсіпті алға қарай жылжытып, түйе байлап, шұбат баптаған бұл отбасының күнделікті тіршілігі осындай. Ауыл тұрғындарының бірі дертіне шипа тауып, алғысын жаудырса, енді бірі қаладан келген қонаққа ауыл өнімін мақтанышымен ұсынып, бір марқайып қалады. Бүгін сапарымызда ауылдың табиғи өнімінің дәмін татып, ауыл тұрғындарының кәсіп тынысымен танысып қайттық.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ

Аққырдағы алғашқы орақ

Егіс басында аққырлықтар түгел жүр ме дедім, әсіресе ауыл ақсақалдарының жүзінде қуаныштың лебі еседі. Олай болмағанда ше, бұрын өрісі кең ауылда бұрынғыдай мал шаруашылығының қарқыны да қатты емес. Оның үстіне бақшалық жер ашып, қыстық азығын қамдайтындырлар да қатары сиреген. Ал бұл тарихи сәтті жақсылықтың нышаны деп түйген ауылдағы ағайын «енді өрісіміз кеңейді» деп балаша қуанып жүр.

Әлекең – бұрыннан ауыл шаруашылығында өзіндік қолтаңбасы бар азамат. Жер жекешлендіріліп жатқанда алғашқылардың бірі болып шаруашылық құрды, талай кедергілерді өңсерді. Сыртынан қараған адамға егін егу көктемде дән шашып, күзде жинап алумен шектелетін оңай шаруа көрінуі мүмкін. Бірақ оның үлкен бейнет екенің шаруаны ширату тәзімді нем бейнеткеш қарапайым еңбек адамның ғана қолынан келетінін осы салада еңбек еткен адам ғана түйсігімен түсінеді. Міне, осындай қасиеттер бір басына толысқанда барып ол осындай жағдайға жетіп отыр. Қазір іскер азамат төрағалық ететін «Ер-Әлі» шаруа қожалығы – салада толайым табысқа жеткен аймақтағы ірі шаруашылық құрылымдардың бірі де бірегейі.

Әліби ағамыздың мұнымен шектелгісі жоқ, көшегі егінге орақ түсу рәсімінде ауылдағы ағайынды жақсы жаңалығымен тағы бір қуантты. Бұйырса, шаруашылық төрағасы Аққырдағы егіс алқабын көбейтіп, ауылдағы жұмыссыз азаматтардың екі қолға бір күрек табуына тағы да себепші болмақшы.

– Бүгін ауылдастар тарихи сәтке күе болып отырмыз, әлбетте бұрыннан күршілік алқабы бар елді мекендерге бұл күнделікті шаруа болуы мүмкін. Бірақ Аққырда биыл алғаш рет күріш егіліп, соған орақ салу рәсіміне күе болып отырмыз. Бұған қуанымыз көрек, себебі өзіміз бұл сәтті жақсылықтың бастамасы деп білеміз. Қаншама гектар жер ашылып, игеріліп жатыр. Демек, елдің өрісі кеңейіп, екінің тынысы ашылып жатыр. Олай дейтінім, бұрын мал шаруашылығын ширатқан ауылдағы ағайынға енді егін саласында бақ сынауға мүмкіндік беріліп отыр. Жаңа кәсіпкер ініміз тағы бір жақсы жаңалығымен бөлісіп жатыр, әлі де ауыл маңындағы бос жатқан жерлерді игеруге ниетті екен. Елдің өрісі кеңейсе, жұмыс көзі де ашылады. Бұл бір жағынан ауылдағы жұмыссыздық мәселесін тусуға да қолабыс болады. Егін мол болсын, бұрын мал шаруашылығында рекорд жаңартсақ, енді егін саласында осындай жақсы жаңалықтың күесі болаық, – деді Аққыр ауылдық әрдагерлер кеңесінің төрағасы Нұрпейісболтаев.

Айта кетейік, «Ер-Әлі» шаруа қожалығы биыл Сыр салысын күтіп-баптап, гектарынан 100 центнерден астам өнім жиды. Бұған дейін күршінен елдің кірісін еселенген шаруашылық мұндай рекордтық өнімге үлкен еңбектің арқасында қол жеткізіп отыр.

Сонғы жылдары төраға Әліби Бекжанов егісті ортапартиципацияға басымдық берген. Яғни судан аз қажет ететін дақылдарға басымдық беріп,



гектарлап бақша салды. Ондағы өнімді аудан орталығында бірнеше рет жәрмеңке ұйымдастырып, халыққа арзан бағада ұсынып жүр.

Әлекең әуелден қарамағындағы жұмысшыларының әлеуметтік жағдайына аса мән беретінімен бізді таң қалдырған. Осыған дейін Мақпалкөлдегі қаншама отбасына жаңа баспана салып бергеніне күе болғанбыз. Осыған дейін іскер азаматтың қолдауымен ауылда жаңа үйде қоныс тойын тойлағандар қатары көбейді. Ал төраға алдағы уақытта да қолда бар дүниесін көпнен бөлісіп, елдің қажетіне жараудан әлі де тартынып қалмайтынын айттады.

Қазір ауылда жүзеге асқан көз келген жобаның түбін түртсең, оның бастауында осы шаруашылық қылаң береді. Міне, кәсіпкер ісінің алға басуын біз көптің қажетіне жарап, елдің ыстық ықыласына беленген ақадан ниетімен байланыстырыдық. Басшылық тарапынан мұндай қолдаудың өңек енімділігіне де айтарлықтай әсер ететінін осындағы дала дарабоздарының ширақ қимылынан аңғару қиын емес.

Жалпы көз келген істе тұралауға болмайды. Әсіресе тың жаңалықтармен жұмысты түрлендіру кәсіпкерлік саласында маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда Әліби Бекжанов тың жолдардан кенде емес. Тоқырау жылдары түрлі қиыншылықтарға моймаймы шаруашылық ашып, күрші өсірумен айналысты. Саланың барлық кедір-бұдырын өңсерген Әлекең уақыт өте

алмабақ ашуды көздеді және оны жүзеге асырды да. Қазір жылына қаншама тонна түрлі сұрыптағы дәмді тіл үйіретін бұл түрін «Құрманбай ата» шаруа қожалығының нарыққа шығарып жатқанына да бірнеше жыл болды. Тамшылатып суару әдісімен жайқалған бұл бақ биыл да мол өнім беріп жатыр.

Жергілікті шаруашылықтың тұқым дайындаумен айналысып жатқанына да бірнеше жыл болды. Мұнда жыл сайын әзірленетін сұрып көлемінің артуы осында дайындалған өнімге жергілікті шаруашылықтар тарапынан сұраныстың жоғары екенін аңғартады. Демек, қай істе де бұл ұжымның сапаға басымдық беретіні белгілі.

Иә, жүздеген астам адамды жұмыспен қамтып отырған шаруашылықтың бүгінгі шаруасы шираған. Мұндағы дөңді ерте көктемде сепкеннен оны жинап алғанға дейін пайдаланатын техниканың барлығы озық үлгіде. Тіпті Сыр салысынан сапалы сұрып әзірлейтін арнайы аппараттың өзі қуатты құрылғылар.

Шаруашылық биыл Аққырдан 200 гектарға жуық жер игеріп, оған күрші еккен. Қазір ол сол ауылдың 10-ға жуық адамын жұмыспен қамтып отыр. Оның төртеуі – диқан. Бұған дейін мал шаруашылығында табысқа кенелген еңбек адамдары қазір Сыр салысын баптауға да машықтанған. Соның нәтижесі болар, бүгін шаруашылық ұжымы үлкендердің батасымен бітік өнімге орақ салды.

Орақ салу рәсіміне арнайы келген облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағамбетов осындай тарихи сәттің оңайлықпен келмегенін тілге тиек етіп, шаруашылық ұжымына табыс тіледі.

– Біз елдегі жақсы жаңалықтарға қуанып, мәселесі болса, мінберде көтеріп, соның шешімін табуға жұмыс жасаймыз. Халық сайлағаннан кейін сондағы жұрттың мәселесін өзіміздің мәселем деп білеміз. Аққырдағы аяқсу мәселесін бұған дейін де көтердім, бұйырса, бұған қатысты жақсы жаңалық болуы керек, ауылға дейін 9 шақырымға жуық канал қазылады. Егер осы мәселе толық шешімін тапса, біз Аққырда күршілік көлемін көбейтуге де, елдің бақша салуына да мүмкіндік аламыз. Бұл тарихи сәтті мен де жақсылықтың бастамасы деп білемін. Жаңа кәсіпкер ініміз алдағы уақытта егіс көлемін кеңейтпейтін деп жатыр. Бұған қуанымыз көрек, жалпы бос жатқан жерлердің осылай мақсатты игерілетіні ел үшін де, кәсіпкер үшін де тиімді. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін, осындай жағдайымыз жаңалықтар туған жерімізде көп болсын, – деді халық қалаулысы.

Иә, енді Аққырда күрші өседі, шынында елдің екінің тынысы ашылады. Егер халық қалаулысы айтқан мәселе шешімін тапса, қарапайым халық та бақша салу мүмкіндігіне ие болады. Осындай ынтымақпен көптің мәселесі шешімін тапқаны ауылдағы ағайынды қуантты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Маман мерейі



Сапалы қызмет бәрінен маңызды

Қазақстан поштасының тарихы тереңде жатыр. 1860 жылы Верный қаласында алғашқы байланыс пошта бөлімшесі ашылды. Ол аз уақыттан соң пошта-телеграф кеңсесіне айналып, 1883 жылдың өзінде оған 14 байланыс пошта бөлімшесі бағынды. Пошта байланысын ұйымдастыру арзанға түсуі үшін пошта кеңсесі ат-пошта стансалары мен больстарда көмекші пункттерді ашты. Сол кездері ондай ат-пошта жолының жалпы ұзындығы 20 мың шақырымды алып жатты. 1925 жылы поштаның даму тарихында алғаш рет ауылдық хат тасымалдаушы лауазымы бекітіліп, шалғайдағы ауылдарға хат жеткізу үшін айналма ат-пошта қызметі енгізілді.

Бүгінгі күннің пошта қызметі мүлде бөлек, заман талабына қарай түрленген. Күн өткен сайын жаңа технология алға қарыштап, енгізіліп жатқан жаңашылдықтар пошта саласының тынысын кеңейтіп, халық сұранысын арттырды. Аталған салада үздіксіз қызмет көрсетіп келе жатқан «Қазпошта» акционерлік қоғамы еліміздегі Ұлттық пошта желісінің жалғыз операторы болып табылады. Компания ел аумағын тұтастай заманауи пошта инфра-құрылымымен қамтып, заманауи технологияларды енгізу арқылы жаңа жұмыстарды қолға алған. Қазіргі таңда ел бойынша 3 400 бөлімшесі, 14 облыстық, оның ішінде 4 республикалық маңызы бар филиалы бар компанияда 21 мыңнан астам адам қызмет етеді.

Бүгінде Жанна Мырзағалиева басқаратын аудандық пошта байланыс торабында 38 қызметкер еңбек етуде. Көптеген 3 бөлімше, 13 ауылдық округте халыққа қызмет ететін пошта-герушілері бар. 2017 жылы күрделі жөндеуден өткен аудандық пошта байланыс торабы ғимараты заманауи стандарттарға сай. Орталық операция үчаскесі тұтынушыларға қолайлы болу үшін бірнеше аумаққа бөлінген. Мәселен, пошталық және қаржылық қызметтер бойынша жеке тұлғалар үшін операциялық зал, кооперативті тұтынушыларға қызмет көрсету бойынша орындар, сәлемдемелер супермаркеті, қызмет көрсету орны мен айырбастау пункті орналасқан. Орталық залда тұтынушыларға қызмет көрсету форматы да оңтайландырылған, кабинеттер орнына сәлемдемелер супермаркеті ашылған. Жанна Исақызының айтуынша, бұл заманауи өзгерістердің өзіндік артықшылығы бар, яғни компанияның шығындарын қысқартуға айтарлықтай үлес қосады, тұрғындардың өтімділік қабілетін жоғарылатып, тұтынушылар үшін сәлемдемелерді алу және жіберу уақытын қысқартады.

– 9 қазан – Дүниежүзілік пошта күні. 162 жылдық тарихы бар Қазақстан поштасының нақтырақ айтсақ, Ұлттық пошта желісінің жалғыз операторы «Қазпошта» акционерлік қоғамына 31 жыл толуға. Қазіргі таңда Қазақпошта қызметінің барлық қызмет онлайн-режимінде интернет арқылы Post.kz порталында қолжетімді, оның ішінде БЖТ төлеу, мемлекеттік көмек алу үшін виртуалды карта ашу және басқа да қаржылық, пошта қызметтері көрсетіледі. Алдағы уақытта біздің компания өліміздің өркендеуі және халқымыздың тұтастығы, болашағы үшін әлі де көптеген жаңа қызметтер мен жобалар әзірлеуде, – деді Жанна Мырзағалиева.

Айта кетейік, аудан орталығындағы Қазпошта бөлімшесі арқылы айлық, жылдық салықтар және коммуналдық төлемдер төлеуге, ақша айырбастауға, шет елдерге ақша аударуға, несие алуға, депозит ашуға, көптің сақтандыруға болады. Көпшілікке бірдей салық түрі жер мен мүлік салығын пошта ешқандай ұстамақсыз тегін қабылдайды. Бұған қоса тұтынушылар зейнетақы, жалақы, әлеуметтік жеңілдіктер үшін карта аштыра алады. Ал Aliexpress картасы арқылы тапсырыстың ақысын төлесе, заты 15-20 күнде келеді. Бұл жеткізу қызметінің жедел жұмыс істейтінін көрсетеді.

Сондай-ақ «Salem», «Tenge» жедел аударымдар желісі іске қосылған. Бұл аударымдар арқылы бір минуттың ішінде өліміздің көз келген аймағына ақша жібере аласыз. Ал «Юнистрим» халықаралық аударымдарының төлем жүйесімен АҚШ долларын, Еуро, Ресей рублін ТМД елдеріне, алыс-жақын шет елдерге жөнелтуге болады. Сонымен бірге тұтынушылар үшін «сәлемдемелер супермаркеті» іске қосылып, жұмыс істеп тұр. Бұрынғыдай тұрғындар кезек күтіп отырмайды, сәлемдеме жіберілгеннен кейін оны қабылдаушы азаматтың телефонына смс хабарлама келеді. Хабарламада сәлемдеме супермаркеттің қай қатар, қай жөшікте тұрғаны туралы айтылады. Сол бойынша тұрғындар еш кезексіз өз сәлемдемесін алады.

Жандос ЖАЗКЕН

Ел алғысы бәрінен қымбат саған

Көрсетіп түрлі қызмет тең халыққа, Әріптес қызметінен өш жалықпа, Поштаның мерекесі деп жатыр той, Бір арнау шығараймын мен жарыққа.

Қабылдап тапсырысты, хаттарыңды, Жеткізіп сәлемдеме, заттарыңды, Аяқтан тозып газет таратып жүр, Апалар сезбей суық, аптабаңды.

Қазпошта тым өзекті бұл нарықта, Төлейді айыппұл мен көп салық та, Миндеттеп жүктелген соң мойныңа, Сапалы іс көрсетіп, тек шарықта.

Сапа деп мен желіні мензегенім, Қалаймыз тапсырыстың тез келгенін, Тездетіп, тігті жылдам жіберсек деп, Бітіріп шаруасын кез келгеннің.

Ақсап тұр осы жағы бұл мезетте, Тұрады келіп алып көп кезекте, Естір құлақ болса егер бұл қоғамда, Торғайдай шырдақтай көп мезі етпе.

Жарамас шындығында құр мақтаған, Тілмнің жеткенінше жырлап қалам, Еселі еңбек өркез бағаланап, Жұрттыңның шын алғысы қымбат саған.

Ләззат Әбілфайыз,
«Қазпошта» АҚ аудандық филиалының операторы, ақын



Еңбек адамы

Күз – береке мен мерекенің, ырыс пен несібенің мезгілі. Егіс алқаптары мен қырман басында қарқынды жұмыс жүріп, тау-тау астықтың ел қамбасына құйылар шағы. Бір сөзбен айтқанда, дала дарабоздарының күн-түн демей тіршілік қылатын кезі. Биыл аққырлық Әбілтай Орынбаев бірінші рет күріш егіпті. Ала жаздай атыз басында тер төккен диқан егістігіндегі өнімнің шығымына қарап оның бұл салада айтарлықтай тәжірибесі бар-ау дерсің.

Таңның атысы, кештің батысына қарамай, алқап басындағы бейнетке ат салысып, егін егіп, суарып, баптап, оны текпей-шашпай жинап алуға қамданған аққырлық ағайындардың бүгінге қуанышында шек жоқ. Бұған дейін екі қолға бір күрек тауып, тіршілік қылған олар енді өз нәпақаларын егіс алқабынан табуда. «Ер-Әлі» шаруақожалығының күршішісі, кейіпкеріміз Әбілтай Орынбаев бұған дейін түрлі жұмыстың басын біріктіріп, биыл алғаш рет күріш баптаған. Егіс алқабындағы 5 күршішінің 4-еуі – аққырлық азамат, біреуі – Жанаталап ауылының тұрғыны.

– Бұрын-соңды күріш егіп көрмегенім бастапқыда сәл қиындау болды. Әйтсе де, уақыт өте келе тәжірибелі диқандалар егіннің қыр-сырын меңгердік. Күріш те бала сияқты, қалай баптасаң, солай өнімін береді. Күршінің дұрыс шығуы үшін, егінжайға орақ түскенше оны уақытылы суарып, ыстық күндері күтімін күшейтіп, көзіміздің қарашығындай қарадық. Алғаш рет егіп отырғандықтан «Қалай болар екен?» деген іштей уайым болғаны рас. Дегенмен күндіз-түні жасаған еңбегіміз еш кетпеді. Жер ана ырыс-несібемізді

Күрішші Әбілтай



молынан берді. Оған өзіңіз көргендей жайқалған егістік дәлел, – дейді дала дарабозы.

Иә, кейіпкеріміздің сөзінің жаны бар, баптай білгенге, жер жомарт қой. Алғаш рет егіс алқабында еңбек етсе де, өзіне артылған сенімді ақтауға тырысқан күршіші қамбаға мол өнім құюға бел бұған. Шаруашылықтағы көнігі диқан-дармен қатар кетпен асынып, таң боззарған егістікке қарай бет алып, ала

жаздай тыным таппаған. Мамырдың аяғында дөңді сөйіп бастаған ол маусым айының басына дейін егістікке күршінің «Маршалл» сұрпын еккен. Дала дарабозының айтуынша, күрші сұрпының пісіп-жетілу мерзімі – 120 күн.

– Аяқсудан ешқандай кедергі болған жоқ. Арнайы насоспен суарып, уақытылы күтім жасадық. Келер жылы бұдан да жоғары өнім аламыз деген жоспарымыз бар. Биыл бірінші жыл бол-

ғасын білмейтініміз әлі де көп. Жұмысымызды әлі де жетілдіреміз. Алғашқы жылға жаман емес, – дейді кейіпкеріміз.


Әбілтай Орынбаевтың негізгі мандығы – жүргізуші. Бүгінге дейін ауылдағы құрылыс саласында еңбек еткен, бау-бақша өнімдерін еккен ол, енді жерде егістік алқабында өзіндік қолтаңбасын қалдыруға бар күш-жігерін салмақ.

Ақтоғы БҮРКІТБАЙ

Пайым

Абай поэзиясының байырғы түркілік қайнар көздері

Абай ұлттың сөзін сөйлеп, мұның мұндап тұтас ұлттың өзіне айналған – хақим. Сөз жоқ, оның ақын-пайғамбар дәрежесіне көтерілуіне игі әсер еткен, нәр алған құнарлы бастаулары болды. Әдетте, біз Абайдың төлім алған үш мектебін айтамыз. Біріншісі, Абайға тал бесікте жатқанда бойына сіңген «Қозы Көрпеш-Баян сулу», «Алпамыс», «Қыз Жібек» сияқты жауһар дүниелері бар сыры терең, сыны кетпес қауырстан – қазақтың халық ауыз әдебиеті. Екіншісі, ақын мүшел жасқа келіп таныған, Фирдоуси бастаған шығыс шайырларының мөлдір поэзиясы. Үшіншісі, Абайдың ер жетіп, ақыл тоқтатқан шағында өз бетімен ізденіп, оқыған, үйренген орыстың, қала берді Еуропаның классикалық әдебиеті. Осымен Абайдың дәріс алған мектептерін түгендеп болдық па? Жоқ, Абайдың жазба әдебиеттің өкілі ретінде қалыптасуына бірден-бір әсер еткен ежелгі түркі әдебиеті, яғни XI ғасырдағы Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркі» сөздігінен, Ж.Баласағұнның «Құдату білігінен» бастап тағмырын тереңге жіберіп, үзілмей келе жатқан орта түркі дәуірі (X-XV ғасырлар) жазба ескерткіштері.



Қазіргі қазақ ұлтының парасат-пайымының қалыптасу жолдары рухани мәдениетінің түп-тегі осы жазба муралардан іздесек алтын көмбеге жолығарымыз хақ. Байырғы түркі әдебиеті мен бүгінгі классикалық қазақ жазба әдебиетінде жалғасып, астасып жатқан ақылман поэзияның алтын кәсірі Абай болды. Абайдың ақындық кітапханасында Жүсіп Баласағұнның дидактикалық дастаны «Құдату білігі» болғаны жайлы оның немере інісі Шөкәрімнің жазбаларынан хабардармыз. «Құдату білігі» дастанының басты арқауы адамзат баласын ақыл мен сабырға жүргізіп, адамгершілікпен өмір сүруге үйрету. Әділет, бақыт, ақыл қанағат сияқты ұғымдар балама кісі атымен аталып, кейіпкерлердің сұрақ-жауабы арқылы үгіт-насихат айтылады. Осы айтылған этикалық ұғымдар Абай поэзиясында жалғасын тауып, сабақтастықта өріледі. Ұлы Абай: «талпап, еңбек, терен ой, қанағат, рақым, ойлап қой – бес асыл іс көңеліңіз», дейді.

Жүсіп Баласағұн құтты кітабында білім, ғылымды жоғары қояды. Оның жазбасында «Біліктің тыңда, ол ақылдың бұлағы, білімді сөз – шырын, жанның құнары. Біліктің ісі – байыпты. Білім мен ігілік қана мұратқа жеткізеді», деген тағылымды сөздер көптеп кездеседі. Абайдың ғылым, білім туралы жазған өлеңдерінде, қара сөздерінде осы тұжырымдар жаңаша өріс тауып, ұлттың көзін ашады. Оның «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр» сияқты өлеңдерінде ғылым, білімді дәріптеп, уақытты құр өткізбей білмекке ұмтылу керек екенін айтады:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.

Махмұт Қашқари «Диуани лұғат ат-түркі» кітабында түрік баласының тұлғасын, сымбатын сипаттап жазған «түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқынжүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз көп қасиеттерге ие». Ұлы Абай осы қасиеттерді өз заманының адамдарынан көргісі келді. Аталмыш қасиеттер қазақ баласының бойында бар болса да, Ресей империясының отаршылдық саясаты, сыртқы қысымның ықпалы адам санасын билеп, жағымпаздық, арыз-қойлық, парашылдық, суйаттық сияқты көлеңкесіздіктер қазақ арасында өрістей бастаған еді. Ұлы ақын «қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарсыз аузыңа түсті мұртың, жақсы менен жаманды айырмадың, бірі қаң, бірі май боп енді екі ұртың» деп күнренді. Бет бергенде шырайың сондай жақсы, қайдан ғана бұзылды сартша сыртың? – деп сұрау салды. «Күлембайға», «Болыс болдым, мінекей» өлеңдерінде мән-сапашыл жанның бейшара келбетін мысықылмен суреттейді. Күлембайды сынау бұл күллі ұлтты сынау еді. Елдің адами келбетін түзеуге ұмтылу еді.

М.Қашқари сөзіндегі мақал-мәтелдер, даналық сөздер арқылы кісілік келбетті көмелдендіретін қасиеттер өлсін-әлі қайталанып отырады. «Су ішірмеске сүт бер» десе, Абай «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейді. Бұл ақындық төбериенен туа салған сөз орамдары ғана емес, бұл ақын аузында тарихи жадының жаңғыруы.

Ахмет Иүнгенді «Ақиқат сыйы» кітабында да білім, әдеп-тәрбие мәселелері арнайы сөз болады. Онда: «Бақыт жолы білікпен білінеді, білікті ер өлді, аты өлмеді, біліксіз өлген сөтте аты да өшті», деп ғылым мен білімнің қадір-қасиетін барынша талдап, көрсетеді. Ұлы Абай да қазақ қална емес күллі пендеге тән бақастықты, күндестікті сыйнап отырып, адам баласының бір-бірінен өзгешелігіне, бәсекелес екенін жақсы білді. Озу – ол артық киім кино, асырып мал бағу, дүние жинау емес екенін 18-қара сөзінде «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ, Онан басқа нәрселермен озым ғой демектің бәрі де ақымпақтық», деп нақтылай түсіндірді.

Абайдың 38-қара сөзінде айтылатын «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық

нәм адамдық дүр», деген сөздері осы ойды әрі қарай сабақтай түседі. Байырғы түркі шайырлары тіл мәдениетіне, сөз өнеріне аса мән берген. Ахмет Иүнгені өз шығармасында «Тіліңді берік ұста, тісің сынар; Саралап сөйлеген сөз сөздің сарасы; Бұл тіліңді бос, бейпіл сөздері талай басты жеңді», деп адамзат өмірінде сөздің құдірет іесі екенін баса айтады. Ал Абай құр сөз саптауға ғана емес, поэзия тіліне жоғары көңіл баса айтады. Академик Қ.Жұмалиевке жүгінсек «Абайдың поэзияға тіл жағынан қоятын шарты ең алдымен «жеңілдік» (түсінікті), «жүрекке жылы тию» (сөзімізге әсер ету), «мағынасының түзу келуі». Осыларды жинақтай келіп, Абайдың өзі қалдырған формуласымен айтсақ, «іші алтын, сырты күміс» жақсы сөз, міне, поэзия-өлеңнің тілі. Керемет тілі ой ғана емес, сезімнің көлеңкесі екенін Абай да жақсы түсінген. Сондықтан да ол: «Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзің, Тіл үйренген нәпсінің қу мінезің...» – дейді.

Қазақ жазба әдебиетінің дамуында Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген «Нахдж-әл-Фарадис», «Мағнабатнаме», «Гүлстан бит-түркі», «Хұсрау мен Шырын» сияқты шығармалардың да орын ерекше. Мұрағаттар тілі өте бай, ақыл-нақыл қанатты сөздерге, мақал-мәтелдерге толы, тақырыптары да сан алуан. Лексика-семантикалық сипаты күрделі. Жалпы, жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдерді саралап зерттеудің, жинастырудың игі бастамасын бастаған профессор Ә.Құрышжанов болатын. Аға ғалым «...осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе «халық даналығы» деп аталады. Ежелгі түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп те аталады, яғни бұл – «атадан мирас болып келе жатқан қазына» деген сөз» – дейді. Осы алтын қазынаның бір көмбесі Алтын Орда дәуірі жазба жәдігерліктерінде жатыр. Ұлы Абай даналығының бір тамыры – осы асыл арна. Білім тақырыбы XIV ғасыр жазбаларындағы ең көпелі мәселе. Сейф Сараидің «Гүлстан бит-түркі» шығармасына жүгінейі: илм икхи жөхан көркі [Г.463].

Білім – екі дүниенің көркі амалсыз алим балсыз занбурға ошхар. Еңбегі жоқ ғалым балсыз араға ұқсайды. Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасында:

Ариф биле олтурмақ хажилге ерур
зиндан Жахил биле олтурмақ арифге
жөханнамдур.

Надана ғалыммен бірге отыру – зындан, ал ғалымға наданмен бірге отыру – тамуқ.

Бұл мақалдарда білім ардағым на-дандыққа қарама-қарсы қойып нәтижеді ой түйіледі. Ұлы Абай да өмір бойы надандықпен күресті. «Ақыл сөнбей сенбеңіз, Бір іске көз келсеңіз... Надандарға бой берме, шын сөзбенен өлсеңіз», деді.

Орта ғасыр ғұламалары жас ұрпақ тәрбиесіне өте көңіл бөлген. Сымға тартқан күмістей терең ой бүгінге дейін жалғасын тауып жатыр. Мысалы, Махмұд бин Алидің «Нахдж әл-Фарадис» атты прозалық шығармасында:

Ақыл вә әдеб билен тириклиг
Ақыл және әдеппен өмір сур.
Ал Гүлстан бит-түркіде»: Кичиклида адаб егрәнмөгән ер улу болса,
Бил андан хаир келмас.
Бала кезде әдепке үйренбеген ерден
Өскенде еш хаир болмас.
Ұлы Абай да ұлт тәрбиесіне баса назар аударды, жас ұрпақтың әдепті, инабатты болып өскенін қалады. «Жігіттер, ойын арзан, күлік қымбат» шығармасында жастарға «керек іс бозбалаға – талаптылық, әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық» деп ақыл айтады.

Жас өскіннің адами тұлғасының қалыптасуында ұстаздың рөлі ерекше екенін байырғы түркілер жақсы білген. Ата михриден ұста жөри йахшы. Ата мейірімнен ұстаздың қаталдығы жақсы. Абай атамыз да «Ұстаздық қылған

жан сұлулығы бір бойынан табылған жандар. «Қызарып, сурланып», «Көзімнің қарасы», «Сен мені не етесің» өлеңдері ғашық жанның ішкі психологиялық жан дүниесін бере білуімен Алла тағаланың адамзатқа берген сыйы сүйіспеншілігі, асыл сөзімді бейнеләуімен аса күндіз.

Ұлы Абайдың жазба ақын ретінде қалыптасуына игі әсер еткен жәдігерліктің бәрі Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы. Жас кезінен Фирдоуси бастаған Шығыс шайырларына табынып, өлеңдерін тұшына оқып өскен Абай «Хұсрау мен Шырын» поэмасын білмеді деп айту қиынсыз. Себебі «Хұсрау мен Шырын» оқиғасын алғаш жырлаған Фирдоуси болатын. XI ғасырда Низами «Хұсрау мен Шырын» поэмасын парсы тілінде жырлады. XIV ғасырда Құтып бұл поэманы өз халқының тұрмыс-дәстүріне лайықтап қыпшақ тілінде жазып шықты. Поэманың мазмұны Хұсрау деген жігіт пен Шырын есімді қыздың арасындағы сүйіспеншілік, шынайы махаббат тақырыбында құралған. Онда арамдық пен зұлымдық та, қастандық пен сатқындық та, өсек те, өтірік те жырланады. Ақырында әділдік пен таза сөзім үстем болады. Бір жағынан Абай поэмаларымен үндесіп жатады. Ал екі ақынның тіліне үңісек, екеуінің поэзиясында да ұшырасатын ортақ фразеологиялық оралымдарды айқын көреміз. Фразеологиялық оралым деп кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единицаны айтамыз.

«Хұсрау мен Шырын» поэмасында екі жүзге тарта фразалық оралымдар бар. Олардың ішінде эпостық және тұрмыс-салт жырларында жиі кездесетін «сұлу» деген сөздің баламасы ретінде айтылатын ай йүзім(ай жүзім), толун ай (толған ай), немесе пісте ағыз(оймақ ауыз) деген сияқты тіркестер жиі кездеседі. Ескерткіштегі осындай қолданыстар Абай поэзиясында да өте жиі ұшырайды. Мысалы, Құтыпта:

Көңіл құшы бұ ғашық отында учар,
Хайалы ол Шырын Хұсрауыны қунар.
деп, көңіл құшы туралы айтыпса, Абайда:
Көңіл қолсы құйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта
деген сияқты көңіл құсы түрінде мағыналық тұлғалық жағынан дәлме дәл келіп, Құтыпта да, Абайда да бұл фраза «өткір қият» деген мағынада айтылып отыр.

Немесе: сынық көңіл оралымы Құтыпта:
Мені қадығымда аз хор қылығ
Сынуқ көңілімнің бес азар қылғал
түрінде айтыпса, Абайда:
Сынық көңілің көп кешер,
Майда қолмен ұстапсан,
деп келеді. Осындай сынық көңіл деген фраза Құтыпта да, Абайда да жабырқаңқы, қайғылы көңіл күйді білдіреді. Кей кезде Абай Құтып қолданған кейбір фразеологиялық оралымдарды түрлендіріп, құлпытта пайдаланады. Мәселен, Құтыпта көңул соңуқры (көңіл сұңқары) деп айтыпса, Абайда «көңілдің жайлауы», «көңілдің күні» болып баяу қаныққан, жаңаша өсіп жетілген оралымдар арқылы беріледі.

Лай суға май бітпес қой өткенге,
Күлеміз қасқыр жалпа дәмектенге.
Сол қасқырша алақат түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?
немесе:
Көңілімің күні өткен соң,
Жалғанда болмас жұбаныш.

Әдетте, тіл білімінде фразеологиялық оралымға өте-мөте таң басты белгі – оның даяр қалпында жұмсалыуы. Бірақ поэзияда мұндай оралымдарды ақынның өз қалауында иіп екеп, өзгертіп те қолданады. Мысалы, Құтыптың:

Біліліг нәм көрші йінке қылты
Сөзчәре қыл йарар елі ошол бөг
деген бейітінде қыл йарар (қыл жарар) тіркесі білімді адамның көршілігі қылдай болса, бектің білгірлігі сол қылдың өзін жарып тастағандай еді деген мағынаны білдіру үшін айтылып тұр. Қазақта әділ адамды «қара қылды қақ жарған» деп айтатыны білеміз, ал Абай осы тіркесті өзінше қолданған.

Мысалы:
Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек, – дегенде Құтып сияқты білгірлікті дәріптеп отыру. Бірақ тіркестің құрылыс жағынан екеуінде екі түрлі қолданыс бар. Құтыпта «қыл йарар» болып екі сөзден құралса, Абайда «қара қылды қырыққа бөлмек» түрінде айтылып төрт сөзбен беріліп тұр. Екі дәуір ақындарының поэзиясына тағы бір үңілесек, Абайдағы:

Жас жүрек жайып саусағың,
Талпынған шығар айға алыс – дегендегі айға талпыну тіркесі Құтыптың: Еліг көңенді айға сунса болмас,
Аңар қодырлайлық етіб мұнсе болмас – дегендегі «елігі айға сунса» деген тіркесімен мағыналы жағынан өзектес келеді.

Мінеки, бұл оралымдар – орта ғасырлық жазба әдеби мураларының мөлдір тұнығын үлгі алған Абайға ғана тән жаңа үлгілер. Екі жөзнен ортақтасып катар, жаңаша көркемдік мазмұнда өрбіген, жаңа әдебиетке сән берген сөз қолданыстары. Демек, Абай орта ғасырлық түркілік жазба әдебиетпен таныс болған. Тек танып, біліп қоймай тереңдей оқып, меңгерген. Даналық бұлағынан қанып ішкен Орта түркілік поэзиялық, прозалық шығармалар мен Абайдың парасатты поэзиясында тереңнен тартылған алтын тамыр, өнер, дәстүр сабақтастығы бар. Ақыл нақылдың тереңнен тартқан тамырынан сусынбап, кейінгіге нәр бере отырып, ұлттың қайғы, мұңын жырлай келе Абай ұлт шеңберінен шығып, адамзаттың Абайына айналды.

Мұрат САБЫР,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Гибрат



Ардагер ұстаздар құрметке бөленді

Аудандық білім бөлімі басшысы Талғат Садықов мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы Гүлзат Құрманбаева білім саласының ардагер ұстаздары Жұматай Қорғанбаев пен Мейрамқұл Тұңғышмұратованың шаңырағына арнайы барып, мерекелерімен құттықтады.

– Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық парасаты арқылы зор құрметке бөленген сіздердей ардагер ұстаздардың еңбегі мен өнегелі өмірі қоғам үшін зор мәртебе, мақтаныш, абырой, жас ұрпаққа нағыз өмір мектебі екені даусыз. Ұрпаққа ұлағатты өсиетін айтып, ізінен өрген жас бұынға ізетін аямайтын ардагер ұстаздарымыз қашанда құрметке лайық. Бүкіл саналы ғұмырын өз игілігіне арнаған, білім дәнін себуге мамандығына адалдық таныта білген ардагер ұстаздарымыз мың алғыс, – деді білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов.

«Алты Алаштың баласы бас қосқан жерде төрдегі орын – ұстаздық» деп ұлт зиялысы Мағжан Жұмабаев айтқандай, білім парасатымен, қадір-қасиетімен елге үлгі, шөкірт санасына шамшырақ бола білген ардақты жандардың арасында Жұматай Қорғанбаев пен Мейрамқұл Тұңғышмұратов өзінің қолтаңбасымен, бітім-болмысымен ерекшеленеді. Ал ардагер ұстаздарымыз білім саласында еңбек етіп жатқан азаматтарға батасын беріп, жұмысына сәттілік тіледі.

«ЖЖ» ақпарат

Біле жүріңіз

Пневмонияның алдын алыңыз

Пневмония – өкпеді қабыну процесі пайда болатын ауру. Балаларда тыныс алу аппараттарының жетілмегендігіне, қақырықты толық жөтеле алмауына байланысты ауыр өтеді. Ол суық мезгілде жиі кездеседі, өздігінен немесе тұмау мен басқа ЖРВИ асқынан уақытта пайда болады. Негізгі себеп – инфекция қоздырғыштарының тыныс алу жүйесіне енуі, бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар және т.б. гипотермия, витамин тапшылығы, антибиотикалық терапияның ұзақ курсы, науқас ортамен жиі байланыс.

Балалардағы пневмонияны диагностикалаудың қиындығы аурудың алғашқы белгілері қарапайым суыққа немесе тұмауға ұқсас болу салдарынан болады. Дене температурасының жоғарылауы, жөтел (алдымен құрғақ, содан кейін қақырықты шығарумен), жалпы әлсіздік, ұйқышылдық, бас ауруы, кеуде аймағындағы ауырсыну, өңтігу, төбеттің төмендеуі – оның барлық түріне тән белгілер.

Өкпенің қабынуының алдын алу үшін баланың иммунитетін нығайтып, таза ауада жиі серуендеу керек, барлық қажетті минералдар мен микроэлементтерді қамтитын теңдестірілген тамақтануды қамтамасыз ету қажет. Баланы қатайтуға, оның физикалық төзімділігін арттыруға уақыт бөліп, тұмауға, пневмококка және гемофильді инфекцияға қарсы уақытында егу керек.

Айна АПАТАЕВА,
аудандық аурухананың
балалар бөлімі аға мейіргері

Сақтансаң, сақтайды



Қауіпсіздік – басты назарда

30 қыркүйек пен 6 қазан аралығында облыс төңірегінде республикалық «Таза түтін мүржасы» акциясының өткізілуіне орай аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері ерт қауіпсіздігі жайында профилактикалық түсіндірілу жұмысын жүргізді. Іс-шараға төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерінен бөлек жергілікті атқарушы органдар, БАҚ өкілдері және еріктілер қатысты.

Олар тұрғын үйлерде ерт қауіпсіздігін сақтау, жылу беру маусымы қарсаңында тұрмыстық және жақ пештерінің мүржаларын тазарту, газ баллонды қауіпсіз пайдалану, балаларды қараусыз қалдырмауға кеңес берді. Сондай-ақ ақауы бар электр сымдарын пайдалануға жол бермеу, көмірқышқыл газының адам өміріне қауіптілігі, жағылған пештерді бақылаусыз қалдырмау жөнінде тұрғын үй иелеріне түсіндіріп, ұнпарақтар таратылды.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Сараптама

Әбігерге салған әлеуметтік желі

«XXI ғасыр – жаңа технологиялар дәуірі» дейміз. Шыны керек, адамзаттың дамығаны соншалық, қалтаға сиятындай кішкентай ғана қораптан әлемде болып жатқан барлық жәйттан «қасқағым сәтте» хабардар болсаңыз. «Таяқтың екі ұшы бар» демекші, мұндай жаңа технологиялардың адамзатқа пайдасынан бөлек зияны да ауыз толтырып айтарлықтай. Соның бір дәлелі әлеуметтік желі елді әбден әбігерге салды.

Жұрт желіде белсенді

Бүгінде адамзат баласының тұрмыс-тіршілігін интернет құралдарының елестетуі мүмкін емес. Оның ішінде әлеуметтік желілер қоғам өміріне дендеп енді. Мәселен, Instagram, Facebook, Twitter, Telegram және атышулы TikTok секілді платформалар адамзатты өзіне тәуелді етіп қойды. Еліміз бойынша Instagram-ға – 12,1 млн, Facebook-қа – 2,6 млн, ал небәрі екі жылдың ішінде TikTok-қа 14,1 млн азамат тіркелген. Әсіресе TikTok әлеуметтік желісі жасөспірімдер арасында кеңінен танымал жастардың тілімен айтсақ, «самая популярная соцсеть».

Алайда қоғамда TikTok жиі сыңға ұшырайды. Елімізде алаңдаушылық білдіретін негізгі мәселе – бұл платформаның моральдық және психологиялық әсері. Жасөспірімдерге кері әсер ететін, әсіресе олардың ойлау жүйесі мен психологиялық саулығына зиян келтіретін контенттің көп болуы. TikTok-тағы бейнелер арасында қауіпті трендтер, зорлық-зомбылықты насихаттау және депрессияға әкелетін мазмұндар жиі кездеседі. Елде соңғы кезде тіркелген бірнеше қайғылы оқиға, соның ішінде көмелетке толмағандардың суицидтік баруы осы платформамен байланысты деген де пікір бар.

Музыкалық бейнероликтердің ішінде көрсетілетін дүниелер көп-ақ. Би, әуеннен бөлек жастардың сананы ұлауытын видеожазбалар желіде өріп жүр. Әрине, платформаның зиян пайдасы мүлде жоқ деп бірақтары қарастырағандар жоқ емес шығар. Пайдалы контенттер де баршылық. Демек те, қосымшада видеолар сүзгіден өткізілмейтіндіктен, пікір қалдыратындардың аккаунты өшірілмейтіндіктен бұл бағдарлама арқылы теріс пайдалы бағдарламалар өзі дегенін істеп жүр. Атап айтсақ, қыздардың жалаңаштануы, жігіттердің боқауыз сөздері, ұлт зиялылары Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Алаш қосемі Әлихан Бөкейханов, ақық ақын Мұқағали Мақатаевтың еңбектерін бейнелерін көлеке, мазаққа айналдыру секілді орынсыз дүниелермен қоғам бетпе-бет келуде.

Психологиялық тұрғыдан әсіресе жастар арасында платформалар арқылы таралатын контенттің мінез-құлқы әсері бар. Ата-аналар мен білім саласының мамандары TikTok-тың теріс контентіне қарсы күрестіріп қарайды, бұл олардың санасына салмақ түсіріп, өзін-өзі бағалауды төмендетуі мүмкін. Сондықтан кейбір сарапшылардың пікірінше, бұл платформаға шектеулер қою қоғамдық мүдде үшін маңызды.

Депутаттар да үн қатты

Осы орайда сенатор Геннадий Шиповских елде TikTok желісін қатаң бақылауға алу қажет екенін мәлімдеді. Ертең TikTok-қа енгізілген шектеулердің қандай себептер мен салдарлары болуы мүмкін екеніне, әлем елдерінің тәжірибесіне шолу жасап, құқықтық негіздерді қарастыра отырып, бұл шешімнің орынды немесе орынсыз екенін анықтауға тырысты.

Сенатордың пікірінше, бұл желіде балалардың психикасына, денсаулығына кері әсерін тигізетін контенттер, сондай-ақ киберқауіпсіздік пен деректердің құпиялығына қауіп төндіретін материалдар кеңінен тарап жатыр. Бұл мәселе бойынша сенатор Франция, Канада және Қырғызстан сияқты елдер TikTok-ты пайдалануды шектеу шараларын қолға алғаны еске салды.

Нақтырақ айтсақ, Геннадий Шиповских TikTok платформасында экстремизм, радикализм, сепаратизм және моральдық құндылықтарға қайшы контенттерді анықтау және шектеу бойынша нақты алгоритм енгізуді, TikTok-тың YouTube Kids секілді балаларға арналған арнайы платформасын жасауды ұсынды. Бұл 13 жасқа дейінгі



балаларды қауіпті контенттен қорғау үшін маңызды. Сондай-ақ 13 жасқа толмаған балалардың ата-анасының телефонынан TikTok-қа кіргенде Face ID технологиясы арқылы шектеу механизмі енгізілуі керек.

TikTok-ты елімізде түбегейлі блоктау мәселесі бұған дейін де қоғамда кеңінен талқыланып жүр, дегенмен жауапты адамдар бұл тақырыпты әртүрлі қарастырып, терең талдау жасау қажет екенін жеткізуде.

Сөз бостандығына не болмақ?

Иә, бүгінде дамыған өркениетті елдермен бірге бой түзеу үшін қоғамда сөз бостандығы белең алуы керек. Алайда әлеуметтік желілерді блоктау мәселесінде басты сұрақтардың бірі бұл шаралардың сөз бостандығына әсері болып отыр. Яғни бәзбіреулердің пікірінше, TikTok сияқты платформалар сөз бостандығы мен ақпарат алмасуды маңызды құралы ретінде танылады.

Құқықтық тұрғыда Қазақстанның Конституциясы сөз бостандығын және ақпарат алу құқығын қорғайды. Алайда бұл құқықтар шексіз емес және белгілі бір жағдайларда мемлекет ұлттық қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіпке байланысты шектеулер енгізе алады. TikTok-тың белгілі бір контентті ұлттық мүдделерге қайшы келсе немесе халықтың қауіпсіздігіне қауіп төндірсе, онда блоктау заңды болуы мүмкін. Бірақ бұл шешім халықаралық құқықтық стандарттармен үйлесімді болуы керек. «Цифрлық өгемендік» концепциясы да осындай жағдайда қолданылады. Бұл термин интернеттегі ұлттық бақылауды күшейтуге бағытталған шараларды сипаттайды. Кейбір мемлекеттер мысалы, Қытай интернеттегі контентті қадағалап, өздерінің цифрлық өгемендігін қорғауға тырысады. Алайда мұндай әрекеттер халықаралық сыңға ұшырайды, себебі бұл сөз бостандығы мен жеке еркіндікке қысым ретінде бағаланады.

Аузына келгенін аталады

Әрине, қоғамда сөз бостандығының қалыптасқаны дұрыс-ақ. Десе де кейбіреулер бұл терминді дұрыс түсінбей, аузына келгенін құсатындары да бар. Мәселен, блогер ретінде белгілі Әлішер Теменов курсының кезекті легінің жарнамасында Мұқағали Мақатаевқа тіл тигізген еді.

– Мұқағали Мақатаев жалпы «жаловаться» өте беретін сорлы еркек болады ғой, вот сондай. «Бүгін менің туған күнім ой пәлі-ай, мына адамдар неге жатыр тойламай» дейді. «Ей, сен бл... (былатын сөз) бірінші жасасаңшы туған күніңді, осын барамыз ғой. «Банк жасап берер едім өзім-ақ, Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай» дейді. Причем тут, Құдай? Сенің туған күніңде үстеліңнің жайылып тұрғаны Құдайға байланысты ма? Өзің жаса! Еркексің ғой, не үшін отырсың мына жерде? Отаныңды қорғайсың, еркексің, әулетіңді қорғайсың, еркексің. Әйеліңді қорғайсың, еркексің. Үкіметтен «Үйді қашан береді?» деп күтіп отырсаң, онда сен еркек емессің, – дейді ол.

Абырой болғанда блогер ақының туған жері Қарасаз ауылына барып, Мұқағали Мақатаевтың ескерткіші алдында тізерлеп отырып, халықтан кешірім сұрады. Иә, «Бұл оқиғаның TikTok-қа не қатысы бар?» деп ойлауыңыз мүмкін. Ақыңды даттаған видео әсіресе TikTok арқылы көп

қаралым жинап, қоғамда вирус сияқты таралуына септігін тигізді. TikTok-та отыратындардың басым көпшілігі жасөспірімдер болғандықтан, ұлт бөлшегі үшін аталған платформаның қауіпті екенін осыдан-ақ пайымдауға болатындай.

Қалта қағу да TikTok-та

TikTok психологиялық тұрғыдан кері әсерін тигізіп қана қоймай, халықтың да қалтасын қағуға септігін тигізуде. Сөзіме түздік болсын, жуырда елге танымал әзілкер Мұрат Әбділданың Сампо лақап атымен танымал блогермен бірлесіп өткізген желідегі тікелей эфирі көптің назарын аударған. Сол арқылы екеуі қыруар ақша тауып, қаншама азаматтың қалтасын қақты. Мысалы, Мұрат үшін көрермен 150 миллион рет лүпілдеткен. Ал эфирді тамашалағандардың саны 170 мың адам болса, 196 мың рет тікелей эфирдің сілтемесін өзгелермен бөліскен. Бұл ТМД елдері арасындағы рекорд болса керек. Көрермендердің есептеуінше, Мұрат Әбділда жарты сағат TikTok желісінің тікелей эфирінде отырып, 30 мың АҚШ долларын тапқан. Бұл теңгеге шаққанда 15 миллионға жуықтайды. Ашы болса да, шындаық, желі пайдаланушылар балашағысының тамағынан жырып, жеңіл өзінде марқайып, өзгенің қалтасын толтыруда.

Әлем қалай күресуде?

2018 жылы халықаралық нұсқада Қытайдан бастау алған бұл платформа бүгінде әлемнің 154 елі пайдаланады. Sensor Tower Intelligence сарапшыларының соңғы есебіне сәйкес, әлеуметтік желінің ресми қолданбасы App Store және Google Play дүкендерінде 3 миллиард орнатудан асқан. Бұл – желінің көз жетпес жылдамдықпен дамып жатқанының айқын дәлелі. Ал еліміз әлемде TikTok-та танымалдылық рейтингінде 291 орында.

TikTok-ты блоктап, шектеу қою мәселесі әлемнің бірнеше елінде көтеріліп. Мәселен, Үндістан – TikTok-ты ең алғаш бұғаттаған елдердің бірі, яғни 2020 жылы қауіпсіздік себептеріне байланысты платформаға толығымен тыйым салған. Үндістанда TikTok-тың ұлттық қауіпсіздікке төндірген қатері басты себеп ретінде айтылды, өйткені бұл платформа пайдаланушылардың жеке мәліметтерін жинау және оны шетелдік серверлерге жіберу мәселесіне қатысты болды.

ҚАШ-та да TikTok туралы дебаттар жалғасып келеді. Трамп басқарған кезде «ұлттық қауіпсіздікке қатер» деп танылып, бұғаттауға тырысқанымен, заңды даулар нәтижесінде бұл процесс тоқтатылған.

Сондай-ақ көршілес Қырғызстан да платформаға ішінара шектеу қойып үлгерген. Елдегі пайдаланушылар Google, Opera және Safari сияқты браузерлер арқылы TikTok қолданбасына кіре алмайды. Бірақ ұялы телефондағы «Apple» және «Google Play Store» қолданбаларынан орнатылған TikTok нұсқасы жұмысын жалғастыруда.

Қырғызстанның Мәдениет министрлігі TikTok әлеуметтік желісін бұғаттау туралы етіністі Цифрлық даму министрлігіне өткен жылы тамыздың соңында жолдаған. Ал жуырда елдің Цифрлық даму министрлігі интернет-првайдерлерге TikTok-қа қолжетімділікті шектеу туралы хат жолдады.

Десе де бұл шешімдер қоғамда да, сараптамалық ортада да дау тудыруда. Танымал әлеуметтік желіге тыйым салу шағын және орта бизнеске кері әсер етеді, қоғамдағы сөз бостандығы мен демократияға зиян келтіреді, жастар арасында өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін төмендетеді деген пікір тарады.

Ұстаздың жан айқайы

Еліміздің бұрынғы бас ұстазы, мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов елде TikTok пен басқа да әлеуметтік желілерді толығымен бұғаттаудың орнына, әлеуметтік желілерге кіру жасын шектеу керек екенін мәлімдеген еді.

– Әлеуметтік желілердің әсері, бұл шынымен солай екенін көрсететін зерттеулер бар. Олар айтарлықтай жағымсыз әсер етеді. Әсіресе балаларға қауіпті, себебі олардың миы мен психикасының дамуы 16 жасқа дейін өлі де қалыптасу сатысында болады. Сондықтан көптеген елде шектеулер туралы заңдар қабылданады. Мысалы, мектептерде смартфондарға қол жеткізу шектелген. Ұлыбританияда осындай заңдар қабылданып, АҚШ-тың Флорида штатында да бұл талқыланып жатыр. Еуропада бұл кеңінен қолданылып жатыр, – деді депутат.

Ол сонымен қатар балаларын бақылау әдістерін де жария етті. Яғни бұл әдістер бала тәрбиесіне тікелей қатысы бар десек те болады.

– Мен ата-ана ретінде баланың экран алдында отыру уақытын шектеймін. Ата-аналар балаларының әлеуметтік желілерде қанша уақыт өткізетінін бақылауы керек. Өкінішке қарай мысалы, Apple-де тек 12 жасстан бастап шектеу бар. Бірақ менің ойымша, жас шектеуі жоғары болуы керек, шамамен 15-16 жасқа дейін Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік желілерге қол жеткізу жасы әлдеқайда жоғары болуы керек. Ата-аналар балалардың интернетте не істеп жүргенін қадағалап, реттеуі тиіс. Алайда тек толық тыйым салу шешім болма алмайды, – деді ол.

Бір сөзбен айтқанда, Мәжіліс депутатты бұл мәселеге дұрыс, теңгерімді көзқарас керек екенін атап өтті. Ол сондай-ақ сенімді әңгіме мен сенімді бақылаудың рөлін де айрықша көрсетті.

– Әрине, TikTok-тың зияны мол Оқушы уақытының көп бөлігін құрбан етеді. Оның орнына нәғұрлым пайдалы іспен айналысып, қоғамдық жұмыстармен шұғылдана, уақытын тиімді өткізеді. Жаңалықтардан көріп отырмаз, тіпті айтуға қорқынышты жайттар орын алуда. Интернеттің кесірінен кейбір ата-аналар балаларынан алырылып қалады. Сондықтан ата-ана өз тарапынан баласының шығармашылық жақын болуына атсалысуы керек. Сонда ғана баланың өзі өріс тауып, шығармашылық потенциалы артып, көзқарасы да өзгереді, – дейді аудандығы №31 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бахтияр Мұратбек.

Түйін: Сарапшылардың айтуынша, TikTok-ты блоктау – өте күрделі әрі көпқырлы мәселе. Әлеуметтік, құқықтық, экономикалық және мәдени аспектілерді ескерсек, TikTok-ты түбегейлі шектеу үшін барлық мүддені ескере отырып, жан-жақты сараулау қажет. Сондықтан жай ғана блоктаудың орнына платформада контентті реттеу, қауіпті материалдарды шектеу және жастарды дұрыс тәрбиелеу мәселесін күшейту маңызды деп ойлаймын. Бәзбікі Цифрлық даму министрлігі интернет-првайдерлерге TikTok-қа қолжетімділікті шектеу туралы хат жолдады.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Акция



Сенбілік – тазалық таразысы

«Тазалық табалдырықтан басталады». Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың міндеті. Жалпы тазалық жұмыстары аударна үздіксіз жүргізіліп келеді. Алайда «Тазалық тазаланған жерде емес, ласталмаған жерде болады» демекші, тұрғындардың санасына тазалық сақтау мәдениеті орнықпайынша мәселенің тез шешілуі оңай емес екені белгілі. Сондықтан жалағаштықтар тұрып жатқан мекенін таза ұстауға атсалысса игі. Сонда ғана сенбілікке шыққан азаматтардың жанкешті еңбегі көзге көрінер ме еді?!

Өңір шырайын шұғылапы ету мақсатында сенбі сайын көркейткіп-кеғалдандыру, абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстары өтуде. Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан қызу жұмыстарға барлық көлемі қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстары қарқынды жүргізді. Кентке қырау, орталық көшелер мен әлеуметтік нысандардың айналасын толық қамтыған тазалық жаныашырлары қоқыс қалдықтарын шығарып, ортақ мекеннің көркеюіне өз үлестерін қосты.

– Сенбілік тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және өңірдің санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталғаны белгілі. Қоңыр күз келгенде жылғалар бітеліп, айнала құраған жапыраққа толады. Сондықтан біз табиғаттың тынысын ашу мақсатында жол жиектері, арықтарды құл-қоқыстардан тазаладық. Әрине, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Сондықтан біз сенбілікке шығуды әдетке айналдырдық десем қателеспеймін, – дейді кент тұрғыны Әмірлік Нұрмаханова.

Кент әкімі Мардан Жамалатов өкімдік қызметкерлерімен бірге көшелерді арап, сенбіліктің басы-қасында жүрді. Атап өту қажет, аудан бойынша тазалық жұмыстарына 2 мыңнан астам адам, 30 техника жұмылдырылған. Тазартылған аумақтар бойынша 20 тоннадан аса тұрмыстық қалдықтар мен құл-қоқыс шығарылған.

– Акция негізінде ұйымдастырылған сенбілікте кент аумағындағы негізгі көшелердің бойында орналасқан аялдамалар мен демалыс орындары сырланып, айналасы тазаланды. Бұдан бөлек көшелер мен саябақтардағы қоқыстар тазартылып, қураған талдар кесіліп, көшелер құраған жапырақтардан тазартылып, құл-қоқыстар белгіленген орындарға шығарылды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында кенттегі Н.Апрезов көшесінің бойына, яғни «Құншұақ» бекетіне алдына «жылдамдық бәсеңдеткіш» жасанды жол кедергісі орнатылып, арнайы жол белгісі қойылды. Жалпы тазалық бағытындағы жұмыстар жыл басынан бері жоспарға сәйкес үздіксіз жалғасын табады, – дейді кент өкімдігінің бас маманы Тұраржан Әкімбаев.

Иә, жергілікті билік аудан тазалығына, көркейткіп-кеғалдануына тікелей жауапты. Алайда әр адам өкімдік істейді, солар тазалуы тиіс» деген ұғымнан бойын аулақ ұстап, туған жердің тазалығына бейжай қарамауы керек. Тұрғындар арасында тұрғылықты жерін таза ұстау, ластауға жол бермеу, айналған кеғалдандыру жұмыстарына жұмыла атсалысатындай жаңа көзқарас қалыптастыруымыз керек. Ол үшін бір-бірімізге деген құрметтің де өзіндік орны бар.

Жандос ЖАЗКЕН



Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2850 Тапсырыс № 1577